

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Ахметбекова Д.К.

«Қостанай қаласы ӘББ №2 орта мектеп ММ»

«Бүгінгі ұстаздың бірінші міндеті-оқушыға бүкіл өміріне азық ете алатындай жан-жақты тереңдетіп білім беру»-деген президентіміз Н.Ә. Назарбаев өз жолдауында.

Бүгінгі қоғам талабына сай білімді де, саналы да тәрбиелі азаматтарды тәрбиелеу білім беру жүйесінің басты мақсаты болып табылады. Сол үшін де мектептерде, соның ішінде білім негізі қаланатын бастауыш сыныптарда оқу мен тәрбие сапасын арттыру қашан да назардан шыққан емес.

Осыған орай, әр пәнді, соның ішінде бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытудың ғылыми дәрежесі неғұрлым жоғары болуын, ғылым негіздерінің берік игерілуін, тәрбие жұмыстарының жақсартылуын қамтамасыз ету бағытында әр алуан жүргізілуде.

Бастауыш сыныпта қазақ тілім оқытуда оқушылардың шалағай меңгеруін жою, оқу үрдісін сапалы ұйымдастыра отырып оқушы белсенділігін арттыру мұғалімнің әдістемелік шеберлігінде екендігі сөзсіз.

К. Д. Ушинский: «... өз сабағына барлық оқушыларды тарта білуі, белсенділігін оята білуі мұғалімнің көрсеткіші», – деді.

Бастауыш сынып оқушыларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндігін толық пайдалану және оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру, сабақ барысында алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін сабақтарда ойын түрлерін пайдаланудың орны ерекше.

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойын үстінде өз мүмкіншілігін сезінумен қатар айналасындағы адамдар мен олардың әрекетіне көңіл аударады, заттың ішкі мазмұнын білгісі келеді. Балалардың қиялын, ойлауын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелер мен ойнайтын ойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар.

Ойын түрлерін әр мұғалім күнделікті жұмысында дидактикалық «деректіден – дерексізге, жеңілден – ауырға, жақыннан – алысқа» дегенді негізге ала отырып, бірте – бірте күрделендіре жүргізуіне болады.

Қазақ тілі сабақтарын ойын әдісімен өту жұмыстары мынандай бірнеше маңызды мәселерді шешеді: біріншіден, оқушылар ойын кезінде бір – бірімен тілдік қатынасқа тез түсіп, бір-бірімен қарым-қатынасы артып, ұнамдық қасиеттері дамиды, бұл оқушылардың сөйлеу тілінде дамитыны сөзсіз; екіншіден оқулықта берілген материалдарды қызығып, ынта жігермен оқиды, бұл оқушылардың білімді сапалы меңгеруін қамтамасыз етеді. Үшіншіден, оқушылардың арасында жарыс пайда болады, оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады, төртіншіден, оқушылар шығармашыл ойлауға дағдыналады.

Ойын оқушылардың фонетиканы толық меңгеріп, жазу тілін дамытуларына мол мүмкіндік береді, өз беттерімен жұмыс істей білуге дағдыландырады. Ойланғыштық, ізденімпаздық қабілеттерін арттырады, сөз қорларын молайтуларына көмектеседі. Мұнымен қатар сабақ үстінде ойын түрлерін қолдану оқушылардың оқып отырған сабағына қызуғышылығын арттырады, оған белсенді түрде қатысып, түсінбегенін түсінуге мүмкіндік туғызады. Оқушылар бастауыш мектепте: «Дыбыс және әріп», «Дауысты дыбыс», оның жуан және жіңішке түрлері, Дауыссыз дыбыс. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар, олардың үндесуі және емлесі.

Буын және буын үндестігі. Тасымал. Қазақ алфавиті – сынды сөздің фонетикалық құрамымен танысады. Осы кезеңді тиімді пайдаланған жөн. Сөзім дәлелді болу үшін қазақ тілі сабағында қолданылатын бірнеше ойын түрін көрейік.

«Дыбыстарды айыра білу». Бұл ойынның мақсаты: балалардың фонетикалық қабілетін дамыту, «қ»-«к» – дыбыстарын айыра білу.

Балалар, сендер «қ» - «к» – дыбыстарын қалай айыра білетіндеріңді тексерейік. Ол үшін «қ» - «к» дабысы бар бірнеше сөздерді айтамын.

«Қ» дыбысы бар сөздерді естісеңдер, қол соғасыңдар, ал «к»-дыбысы бар сөздерді естісеңдер 2 рет қол соғасыңдар. Сөздер: кітап, күшік, қалам, қар, кесе, құс, Қанат, күріш, қант, көк, көгілдір.

«Өзгертпе сөз» ойыны. Мұнда берілген сөздегі әріптердің орнын өзгерту арқылы жаңа сөз жасалады: қозы-озық, тамыр-тырма.

«Тумасөз» ойыны. Мұнда жаңа сөз жасау үшін пайдаланылатын сөздің бір әрпі өзгертілуі қажет. Мысалы: табан-сабан-қабан,күлкі-түлкі, есеп-есек.

«Өзгермесіз» ойыны. Мұнда сөзден әріпті алып тастау немесе оған жаңадан әріп қосу арқылы жаңа сөз тудырылады. Мысалы: жылан-жыла-жыл, ерлік-елік, қаз-аз.

Қорыта келгенде ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НАИБОЛЕЕ ОПТИМАЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ МАГИСТРАНТОВ

Баймухамбетова Б.Ш.

Костанайский государственный педагогический институт

Специфика образовательных магистерских программ связана с усилением научно-исследовательской работы магистрантов, выработкой способности к самообразованию и саморазвитию, потребностями и навыками самостоятельного творческого овладения знаниями в своей практической деятельности. Все это требует применение в образовательном процессе таких технологий обучения, которые побуждали обучаемых к активной мыслительной и практической деятельности в процессе овладения материалом.

Проблема использование наиболее оптимальных технологий обучения в процессе профессиональной подготовки магистрантов как ведущий фактор достижения целей обучения, требует принципиального осмысления понятия «педагогическая технология».

В первоначальном смысле термин «педагогическая технология» означал «использование в педагогических целях технических достижений в области коммуникации», таких как аудиовизуальные устройства, телевидение, компьютеры и др.

В новом и более широком смысле *педагогическая технология* – это систематический метод планирования, применения и оценивания всего процесса обучения и усвоения знаний путем учета человеческих и технических ресурсов и взаимодействия между ними для достижения наибольшей эффективности образования.

Педагогическая технология связана с системным подходом к образованию и обучению, она охватывает все аспекты и элементы педагогической системы – от постановки целей до проектирования всего дидактического процесса и проверки его эффективности.

Функции педагогических технологий обусловлены их сущностью и характерными признаками и осуществляются в органичном единстве.

Основные **функции** педагогических технологий:

- *гуманистическая, развивающая* функция предусматривает реализацию образовательных целей учебного процесса: создание комфортных психолого-педагогических условий для развития личности обучаемого, подготовку его к жизнедеятельности в информационно-технологическом обществе;

- *методологическая* функция выражает общую стратегическую направленность модели обучения и предполагает внедрение стратегии обучения в практику через систему процедур и операций;

- *функция проектирования и конструирования* позволяет запланировать образовательные ситуации, деятельность субъектов обучения и со значительной степенью вероятности гарантировать желаемые результаты.

К принципам педагогических технологий относят:

- принцип *целостности технологий*, предусматривающий закономерности развития технологической системы: инновационность ее структуры при гармоническом взаимодействии всех составных ее элементов;

- принцип *вариативно-личностной организации* обучения предполагает адаптивность технологии к личностным особенностям учащихся, их типологическим и индивидуальным свойствам, оказывающим существенное влияние на учебную деятельность;

- принцип *фундаментализации и профессиональной направленности* технологии, обеспечивающий формирование и развитие профессиональных умений и профессионально значимых качеств личности специалиста в соответствии с сегодняшними и перспективными требованиями;

- принцип *информационной поддержки технологичности* обучения, ориентированный на применение в образовательном процессе педагогически оправданных средств информационной компьютерной техники (персональных компьютеров, информационных банков данных, компьютерных экспертных систем и т. п.).

Структурными компонентами педагогической технологии как системной категории являются: цели обучения; содержание обучения; средства педагогического взаимодействия, в том числе мотивация и средства обучения; организация учебного процесса;